

"Қазақстан Республикасы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 қарашадағы N 487 Бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 2002 жылғы 13 тамыздағы N 377 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 6 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1971. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрінің 2005 жылғы 24 маусымдағы N 83 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27 бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бюджеті шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымы бойынша бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қатынастарға әрекет етеді.

Министр

*Қазақстан Республикасының
Экономика және бюджеттік
жоспарлау Министрінің
2005 жылғы 24 маусымдағы
N 83 бұйрығына қосымша*

*Қазақстан Республикасы бюджеті шығыстарының
экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымы
бойынша бұйрықтар тізбесі*

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 13 тамыздағы N 377 (тіркелген N 1971) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 17 қарашадағы N 487 "Қазақстан Республикасы бюджеті шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер пен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығы.

" Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы "
Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы, " Қазақстан

Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы " Заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 17 қарашадағы N 487 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымында:

150 "Басқа да ағымдағы шығындар" сыныпшасында:

159 "Өзге де ағымдағы шығыстар" ерекшелігі бойынша:

"Шығындар тізбесі" бағанындағы төртінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы төлемегені үшін өсімақы";

420 "Негізгі капиталды құру" сыныпшасындағы:

"Анықтама" бағанындағы бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы сыныпшада қайта жаңарту мен күрделі жөндеуден басқа, құрылыс қызметіне (құрылыс) байланысты барлық шығындар көрсетілген.";

421 "Үйлер мен ғимараттарды салу" ерекшелігінде:

"Анықтама" бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Қайта жаңарту мен күрделі жөндеуден басқа, үйлер мен ғимараттарды салу шығындары, әскери мақсаттағы үйлер мен ғимараттарды салуға арналған шығындары 35-ерекшелік бойынша сыныпталады.";

422 "Жолдар салу" ерекшелігінде:

"Анықтама" бағанындағы "Жолдар" деген сөздің алдынан "Күрделі жөндеуден басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

430 "Күрделі жөндеу" сыныпшасында:

" А н ы қ т а м а " б а ғ а н ы н д а :

бірінші және екінші сөйлемдегі тиісінше есептелуіне қарай "күрделі жөндеуге", "күрделі жөндеумен", "күрделі жөндеу" деген сөздерден кейін "және қайта жаңартуға", "және қайта жаңартумен", "және қайта жаңарту" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

431 "Үйлерді, ғимараттарды күрделі жөндеу" ерекшелігі бойынша:

"Анықтама" бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Үйлерді, ғимараттарды, сумен жабдықтау жүйелері мен желілерді, кәрізді, электрмен қамтамасыз ету күрделі жөндеуге және қалпына келтіруге байланысты ш ы ғ ы н д а р . " ;

432 "Жолдарды күрделі жөндеу" ерекшелігі бойынша:

" А н ы қ т а м а " б а ғ а н ы н д а :

бірінші сөйлемдегі "қайта құруға" деген сөздер және екінші сөйлем алынып т а с т а л с ы н : ;

460 "Ел ішіндегі күрделі трансферттер" сыныпшасында:

"Анықтама" бағанындағы екінші сөйлемдегі "активтер" деген сөзден кейін ", құрылыс қызметін" деген сөздермен толықтырылсын;

461 "Заңды тұлғаларға берілетін күрделі трансферттер" ерекшелігі бойынша:

" А н ы қ т а м а " б а ғ а н ы н д а :

бірінші сөйлемдегі "құрылыстары" деген сөз "құрылыс қызметін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Заң қызметі департаменті (Н.А.Қалиева) және Мемлекеттік бюджет департаменті (Б.Сұлтанов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2001 жылға арналған есептік кезеңде жүзеге асырылатын операцияларды қоспағанда, 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы